

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «*Trichophyton verrucosum* қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылыммен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының диссертациялық жұмысы ірі қара мал ұстайтын шаруашылықтарының бәрінде жиі кездесетін аса қауіпті саңырауқұлақтар тудыратын трихофития ауруын зерттеуге арналған. Трихофития індеті бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отыр, себебі трихофития ауруы адамдарға да жұғады, сондықтан аталмыш ауру әлеуметтік жағынан өзекті.

Қазіргі уақытта трихофития ауруы 113 елде ірі қара мал арасында тіркелген және, көбінесе 3 жасқа дейінгі малдар арасында жиі кездесіп, 35-40% қамтиды. Трихофитиямен ауырған малдардың қондылығы, жас малдардың өсіп жетілуі, алынатын өнімнің (сүт пен еттің) сапасын күрт төмендетіп жібереді.

Б.А.Әбдіраманова алғашқыда Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында ПТР әдісін жасап жүргізуді меңгерген. Кейіннен Уфа қаласындағы Башқұртстан мемлекеттік медицина университетінде 2018-2023 жж. аралығында Алматы, Қызылорда және Түркістан облысы бойынша шаруа қожалықтарынан жиналған 141 патологиялық сынамаларды ПТР әдісімен балау қойып, 98 үлгіде (69,5%) трихофития ауруын анықтаған, ал 43 үлгіде (30,5%) трихофития қоздырғышы табылмаған және залалды сынамалардан бөлініп алынған түздік изоляттарды *Trichophyton verrucosum* түріне жататынын дәлелдеп, өз білген білімін тереңдете түсті.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми- әдістемелік ережелерді ашу. Ізденуші өз диссертациясында, теориялық, әдістемелік, трихофития індеті бойынша эксперименттік зерттеу әдісі, диагностикалаудың молекулярлық- генетикалық әдісін (ПТР) пайдаланды.

Алынған нәтижелерді қорыта келгенде, ПТР әдісі *Tr. verrucosum*-ды анықтауға мүмкіндік беретіндігін, әртүрлі клиникалық үлгілерде, микроскопиялық және өсіндіні бөліп алу әдістермен салыстырғанда зооантропонозды дерматомикоздарды зертханалық балауда айтарлықтай жоғары балаулық тиімділікке, сезімталдыққа және өзіне тәнділікке ие екендігін тағы да осы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарында айқындалды.

Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі, диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде, тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаты, міндеті, зерттеу нысандары, қысқаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелері көрсетілген. Диссертациялық жұмыста, тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған.

Өзіндік зерттеу бөлімдерінде ветеринариялық микологияда, ірі қара малдың трихофитиясын балауда регламенттелген әдістер мен ПТР-ын салыстырмалы бағалау жұмыстарын жүргізу толығымен баяндалған.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Алматы, Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша шаруа қожалықтарынан жиналған 141 патологиялық сынамаларын арнайы Суслоагар қоректік ортасына себінді жасалып, далалық-түздік трихофития изоляттарын бөлініп алынды. Бөліп алынған далалық-түздік изоляттарға ажыратып балау жұмыстарын П.Н.Кашкиннің, Н.П.Головинаның, Л.Г.Иванованың, Д.Саттонның «Патогенді, токсигенді және адамға зиянды саңырауқұлақтардың анықтамасын» қолдана отырып, *Trichophyton verrucosum* түріне жататынын анықталды. Бөлініп алынған *Trichophyton verrucosum* изоляттарының уыттылық, зардаптылық және иммуногендік қасиеттерін зерттеп, трихофитияның зерттелген қасиеттерінің пайыздық көрсеткіші 60-70%-ды қамтыды, ал стандартты эпизоотологиялық штамның пайыздық көрсеткіші 100% көрсеткіш көрсетті.

Трихофития ауруын балауда зертханалық әдістердің (ПТР, микроскопиялық және өсінділік) ақпараттық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау кезінде ПТР *Tr. verrucosum*-нан, туындаған трихофитияны балауда ең үлкен балаулық тиімділікпен (97,87% (96,41-99,33, $p < 0,05$) сипатталғаны көрсетілген және дәстүрлі (реттелген) зерттеу әдістерінің нәтижелерімен салыстырғанда сезімталдығы (97,96% (96,53 - 99,39, $p < 0,05$), ерекшелік мәні (97,67% (96,15-99,19, $p < 0,05$). *Tr. verrucosum* ауруының қоздырғышы өсінділік әдістің ақпараттылық көрсеткіштері (сезімталдық – 80,61% (76,62-84,6, $p < 0,05$), ерекшелік – 79,07% (74,96-83,18, $p < 0,05$), балаулық тиімділік – 80,14% (76,11 - 84,17, $p < 0,05$), ал микроскопиялық зерттеу кезінде алынған тиісті мөндерден едәуір төмен болған (сезімталдық - 87,76% (84,45-91,07, $p < 0,05$), ерекшелігі – 88,37% (85,13-91,61, $p < 0,05$), балаулық тиімділігі – 87,94% (84,86-91,23, $p < 0,05$). ПТР әдісімен трихофитияны залалды сынамаларда балау, ветеринария саласында алғаш рет енгізілді.

Орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша іргелі ғылыми зерттеулер Анапа қаласындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Анапа, 2019 ж.); Сібір мал шаруашылығын ғылыми қамтамасыз ету: V-ші ғылыми-практикалық конференцияның [Красноярск қ., 13-14 мая 2021 ж.] материалдар жинағында жарық көрді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде: 3 мақала ҚР ҒЖБМ ЖЖОКБК ұсынған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасындағы басылымда, 2 ҚР патенті (пайдалы модельге), 1 мақала халықаралық конференция материалдарында, 1 тәжірибелік ұсыныс және 1 әдістемелік нұсқау жарық көрді.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Ұсынылған диссертациялық жұмысты, автор өз бетінше орындаған, аяқталған ғылыми - зерттеу жұмысы болып табылады және PhD доктор дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

1. Қазақстан Республикасының зерттелінген өңірлерде ірі қара малдың трихофития індетіне шалдығу деңгейі анықталды.

2. Ірі қара малдың трихофития індетінің ахуалын анықтау барысында пайдалы модельге ҚР патенті алынды: Патологиялық материалда *Trichophyton verrucosum*-ды анықтау әдісі. Пайдалы модель №8224, 30 маусым 2023 жыл.

3. Алғаш рет ветеринария саласында *Trichophyton verrucosum* дерматофитін патологиялық материалдардан ПТР әдісі арқылы жедел балау қою үшін өндірістік жағдайда жиналған патологиялық сынамалар тексерістен өткізіліп, балау қойылды.

4. Ірі қара малдың трихофитиясына қарсы Ауылшаруашылық және ет қоректі жануарлардың дерматомикоздарына қарсы поливалентті инактивтендірілген вакцинаны өндірістік жағдайда аталмыш ауруға шалдыққан малдарды жоспарлы түрде алдын алу және емдеу жұмыстары жүргізілді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми-зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде PhD докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі дәрежесі айтарлықтай артты. Алынған ғылыми-зерттеу тәжірибесі PhD докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік беретіні расталды. Сондай-ақ, ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасауда, автор тәжірибесінің мол екендігін байқатып, ғылыми-зерттеу жұмыстарында өзін көрсете білді.

Қорытынды. Докторант Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының диссертациясы толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және PhD дәрежесін алу үшін ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Әбдіраманова Ботагөз Ақайдарқызының «*Trichophyton verrucosum* қоздырғышын молекулярлық-генетикалық тест жүйесімен анықтау және поливалентті инактивтендірілген вакцинамен алдын алу және емдеу» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы, қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
в.ғ.д., профессор

 М. Умитжанов

Пікір беруші, в.ғ.д., профессор М. Умитжановтың қолын растаймын:

Бас ғылыми хатшы

У. Керимова

